

Гимн – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Гректің «гимнео» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді. Гимн ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан тенденстіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында еліміздің мемлекеттік гимні екі рет – 1992 және 2006 жылдарды бекітілді.

Республика мемлекеттік егемендігін иеленгенмен кейін, 1992 жылы Қазақстан әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды. Байқау қорытындысы бойынша Қазақ КСР гимнінің музыкалық редакциясын сақтау туралы шешім қабылданды. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның алғашқы гимнінің музыкасының авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди болды. Сонымен қатар, үздік мәтінге жарияланған байқауда авторлар ұжымы, белгілі ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева жеңіп шықты.

Елдің дыбыстық рәмізінің танымалдығын арттыру мақсатында 2006 жылы жаңа мемлекеттік гимн қабылданды. Оның негізі ретінде халықтың арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаним» патриоттық әні таңдал алынды. Ол әнді Шәмши Қалдаяқов 1956 жылы Жұмекен Нәжімedenovtің сөзіне жазған болатын. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әнге мемлекеттік гимн жоғары мәртебесін беру және анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін музыкалық туындының бастапқы мәтінін өндеді. Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қаңтарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа мемлекеттік гимнін бекітті.

1. Ал-тын күн ас-па-ны, Ал-тын дән да-ла-

2. Үр-пақ - ка жол аш-кан, Кен бай - тақ же-рім -

сы, Ер - лік - тің да - ста - ны, Е - лі - ме ка - - ра -

бар. Бір - лі - ті жа - рас - кан, Та - уел - сіз е - - лім -

ши! Е - жел - ден ер - - де - тен, Дан - кы - мый шык - ты

бар. Ка - рым ал - ган уа - кыт - ты, Мәц - ти - лік до - сым -

гой, На - мы - сын бер - - ме - ген, Ка - за - тым мық - - ты рой!

дай, Біз - діл ел ба - - кыт - ты, Біз - діл ел о - - сын - дай!

CHORUS

Ме - нін е - лім, ме - - нін е - лім, Гү - ліз бо - лып

е - - гі - ле - мін, Жы - рың бо - лып то - гі - ле мін, е - лім!

Ту - ган же - рім ме - - нін - Ка - зак - с - та - - ным!

Сөзін жазғандар: **Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев**

Әнін жазған: **Шемши Қалдаяқов**

Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Ерліктің дастаны,

Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,

Данқымыз шықты ғой.

Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпақта жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,

Мәңгілік досындаі,

Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындаі!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!